





Қиын-Керіш шатқалы

Қиын-Керіш шатқалы –Зайсан көлінің солтүстігінде, Тарбағатай тауларының ортасында орналасқан ғажайып өлке. Алыстан түрлі-түске боялып, жақындағанда аспанға от шашқандай сәулелері құбылып тұратын бұл өлкені «Жатпланеталық пейзаж» деп атайды. Жұмбағы әлі шешілмеген Қиын -Керіш бірінен соң бірі тізбектелген дәуірлердің тасқа айналған геологиялық кітабындай жұмбаққа толы өлке.



Шарын шатқалы

Шарын шатқалы – миллиондаған жылдар бойы желдің мүжуі, жауын-шашын мен Шарын өзенінің әсерінен пайда болған таңғажайып пішіндер әлемі. Қою қызыл, сарғыш түсті қорғандар, сарайлар, мұнара, киіз үй тәрізді табиғи ескерткіштер ертегі әлеміндей. Шатқалда 2 миллион жылдан бері өз түрін сақтаған соғды шетені өседі. Шарын шатқалының ежелгі пілдер, мүйізтұмсықтар, стенон жылқыларының сүйектері табылған.



Торыш тастары

Торыш тастары- маңғаз
Маңғыстаудың құпиясы ашылмаған
жұмбақ аймағы. Шамамен 120
миллион жыл бұрын пайда болған,
диаметрі 4 метрге жететін алып
шар тәрізді тастардың құпиясын әлі
ешбір ғалым таппады. Үстіртте
шашылып жатқан ірілі-ұсақты
мыңдаған шар тәрізді тастарды
«қой тас» деп те атайды. Сыртқы
беті қабыршақтанып, жарылатын
алып тастар талай аңызға да арқау
болған.



Ақтолағай үстірті

Ақтолағай үстірті – Ақтөбе облысының мақтанышы. Мұндағы тастар шахмат фигурасын еске түсіреді. Ең қызығы Ақтолағай үстірті бір күнде түсін бірнеше рет өзгертеді. Таңертең сарғыш, түсте ақ түске, кешке әдемі көкшіл түске боялатын үстірт талай туристтің арманы. Бір кездері теңіз түбі болған бұл жерде ежелгі акулалардың тістері, ихтиозаврлар мен динозаврлардың сүйектері мен тістері, беймәлім өсімдіктердің қалдығы табылған.



Жұмбақтас

Жұмбақтас – пішіні пирамида тәрізді, жиектері дөңгеленген граниттен тұратын, биіктігі 18 метр табиғат ескерткіші. Кіршіксіз махаббаттың куәсі Жұмбақтас Бурабайдың көркіне ерекше келбет беріп тұр. Жұмбақтас – бір жағынан қарасаң кәдімгі кемеге, екінші жағынан шашын жел жұлқып тұрған қызға, сәл бұрылып қарасаң қайғыдан мүжілген кемпірге ұқсайды.



Тас ертегі

Тас ертегі - Батыс Алтай қорығы аймағында орналасқан, 16 шаршы шақырым ауданды қамтитын, биіктігі 35 метрге дейін жететін ерекше пішін-қалыптағы тау жұрнақтары бар геоархитектуралық кешен. Алтай тауының Көксу, Иванов және Қоржынтау тоғысындағы ғажайып көріністерді көз алдыңызға келтіретін бұл жер халық арасында "Тас ертегі" деп аталып кеткен. Ақсақалдар кеңесі, Батырлар, Бақылаушы сияқты өз атаулары бар тау жұрнақтары тастан салынған ертегі әлемінде жүргендей сезімге бөлейді, тамаша мүсіндерімен таңғалдырады.



Қазақстанның табиғи мұралары

